

Төлеубаев Ә. Т.

Тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: toleubayev@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ СЕНІМДЕРІ – ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ӨЗЕГІ

Мақалада қазақтың көне сенімдері ұлтымыздың руханиятының негізі ретінде қарастырылады. Ұлтымыздың болмысын құрайтын салт-дәстүрлеріміздің тамыры сонау көне наным-сенімдерден бастау алады. Қазақ даласына ислам діні таралғанға дейінгі Қазақ түсінігінде, ырым-салттарында Жер, Көк аспан, Ай, Күн, жұлдыздар ерекше орын алды. Әсіресе, бірқұдайлық мәнге ие болған, Көк аспанмен астасып-байланысып жатқан Көк Тәңірі ұғымы және соған байланысты наным-сенімдер, әдет-ғұрыптар өте көп болды. Бір Тәңірі туралы дүниетаным, түсінік-сенімдер кейіннен мұсылман дініндегі Алла, Құдай ұғымымен алмастырылды. Исламның біздің жерге таралған Имам Ағзам Әбу Ханифа мазһабы халықтық дәстүрлерге құрметпен қарайтын, көнбістеу, иліккіш бағыт болды. Жалпы, ислам діні алғашқыда басқа жұрттарды өзінің дініне күшпен, соғыспен ғана қаратқан жоқ, сонымен қатар, өзінің икем-илгіштігінің және өте сындарлы идеологиясы мен саясатының арқасында жаулап алды.

Түйін сөздер: салт-дәстүр, Көк Тәңірі, наным-сенім, мұсылман діні, этнография, этнографиялық экспедиция, құдай.

Toleubaev A.T.

doctor of Historical Sciences, Professor, Department of Archeology, Ethnology And Museology, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: toleubayev@mail.ru

The ancient religious beliefs of kazakh as the core of national spirituality

In this article, we consider the ancient religious beliefs of kazakh people as the core of national spirituality. The tradition at present in our nation is handed down from the ancient religious belief in past. Ancient beliefs, such as the spirit of the earth, the spirit of sky, sun, moon and stars that emerged long before the advent of Islam. Many ancient rituals, tradition and cultural religiousness based on monotheistic natural religion that the cult «Tanir» (worship of the sky) are wildly found in kazakh society. The traditional religious that the cult «Tanir» based on monotheistic religion were overlaid by Islamic motifs such as Allah and Kудay (god). The Imam Abu hanifa who impart the islam to kazakhs appreciated the traditions. The religion didn't force kazakhs to believe in the islam, moreover, it was accepted by kazakhs because of its beneficial ideology and policy.

Key words: Traditional practice, Cult Sky «Tanir», religious beliefs, Islam, Ethnography, Ethnographical expedition, Kудay (god).

Төлеубаев А.Т.

доктор исторических наук, профессор кафедры археологии, этнологии и музеологии Казахского национального университета им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: toleubayev@mail.ru

Казахское древнее поверие как основа национальной духовности

В статье рассматривается казахское древнее поверие как основа национальной духовности. Национальный обычай берет своё начало с древних поверий. До распространения ислама в повериях казахской степи звезды, земля, небо, луна, солнце имели особое место, особенно единобожие. Также много было поверий и обычаев, связанных с Тенгрианством. Мировоззрение,

связанное с Тенгрианством, с приходом ислама изменилось и стали использоваться понятия «Аллах», «Бог». К нашей земле мазхаб ислама Имам Агзам Абу Ханифы относился с уважением и был толерантным к обычаям местного народа. В целом, распространение ислама происходило не только насильственным путем, но и благодаря толерантной, конструктивной идеологии и гибкой политике.

Ключевые слова: обычай, Тенгрианство, поверье, ислам, этнография, этнографическая экспедиция, Бог.

Кіріспе

Тәуелсіз ел болып егемендігімізді алған жағдайда ұлттық сана-сезімнің кейбір томағаланған тұстары ашылып, жаңадан түледі. Осы жағдайда ел тарихы, ұлттық салт-дәстүрлерге деген қызығушылық арта түсті. Ұлт болмысын халықтың тарихи, психологиялық сана, оның өзіне тән өмір сүру, тіршілік қарекеттері, ұлттық дүниетаным, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері құраса керек. Дүниеге ұлттық көзқарас, түсініктердің үлкен бір қомақты бөлігін халықтық наным-сенімдер, солармен байланысты ғұрыптар, жол-жоралар, ырымдар жүйесі құрайды.

Қазақтың көне сенімдері туралы

Табиғат, оның аялы да дүлей күштері адам баласының ең көне наным-сенімдерін, ырым-жоралғыларын тудырған ғаламаттар болып саналады. Қазақ түсінігінде, ырым-салттарында Жер, Көк аспан, Ай, Күн, жұлдыздар ерекше орын алды. Әсіресе, жерімізге ислам діні таралғанға дейін бірқұдайлық мәнге ие болған, Көк аспанмен астасып-байланысып жатқан Көк Тәңірі ұғымы және соған байланысты наным-сенімдер, әдет-ғұрыптар өте көп болды. Бір Тәңірі туралы дүниетаным, түсінік-сенімдер кейіннен мұсылман дініндегі Алла, Құдай ұғымымен астасып, араласып, сіңісіп кетті.

Қазақтың табиғатқа, қоршаған ортаға байланысты наным-сенімдерінде, көне діни танымында адамның айналасында әртүрлі жебеуші, пайдалы, зиянкес, бейтарап рухтар, тәңір-иелер жүреді. Қазақ түсінігі бойынша, олардың адамға қарым-қатынасы көп жағдайда жеке тұлғаның тіршілігінің оң / теріс, жақсы / жаман, таза / арам болуына байланысты. Адамға әртүрлі дерт, ауру-сырқау осы зиянкес рухтардың кеселінен болады деп сенді. Әртүрлі кеселдер кейде аруақ, ие сықылды таза рухтардың жеке адамға, туыстарға, руластарға наразылығынан да болады деген сенім болды. Адамға ауру, сырқат түрінде келетін осы кеселдерді емдеу магиясын пайда-

лану арқылы ерекше қасиетті адамдар – бақсы-балгерлер емдейді деп сенді.

Қазақ жұрты мұсылман дінін қабылдағаннан кейінгі тұста да тұрмыстың, күнделікті өмірдің жол-жоралғыларының көпшілігі дәстүрлі халықтық жолмен жүргізілді. Жалпы исламның біздің жерге таралған Имам Ағзам Әбу Ханифа мазхабы халықтық дәстүрлерге сыпайы-сыйластықпен қарайтын, көнбістеу, иліккіш бағыт болды. Жалпы, ислам діні алғашқыда басқа жұрттарды өзінің дініне күшпен, соғыспен ғана қаратқан жоқ, сонымен қатар, өзінің икем-иілгіштігінің және өте сындарлы идеологиясы мен саясатының арқасында жаулап алды. Мысалы, сахараға мұсылман дінін таратушылар көшпелі халықтардың ислам дінінің негізгі қағидаларына тура қарсы келмейтін әдет-ғұрып салт-саналарын қудалаған жоқ, оларға бейтараптау, байқамағансып, мән бермегенсіп қарады. Бұның өзі сахара жұртшылығының ислам дінін, оның негізгі қағидаларын аса бір қарсылықсыз, бейтараптау қабылдауына әкелді.

Қазақтың көне діни ғұрыптарын, салт-саналарын, ырым-жораларын зерттеуде негізгі дереккөз болған XVIII-XX ғасырлар аралығында жарық көрген орыс және қазақ тілдеріндегі тарихи-этнографиялық еңбектер, осы тақырыптарға арналған арнаулы зерттеулер. Жалпы, бұл тақырыппен біз өткен ғасырдың 70-жылдарының ортасынан бастап айналысып келеміз. Сол жылдардан бері әркез қазақтың дәстүрлі мәдениеті бойынша материал жинау үшін елдің төрт құбыласына да этнографиялық экспедиция, жеке ғылыми іссапарлар ұйымдастырылған еді. Соның арқасында қарастырылғалы отырған тақырып бойынша да көнекөз қариялардан деректік материалдар жиналған болатын.

Славян халықтарының көне діни сенімдерін зерттеуші академик Б.А. Рыбаков былай деген еді: «Этнографиялық материал – халықтың көпғасырлық даналығының қойма-қазынасы, адамзат баласының дүниені, табиғаттың құбылыстарын танып білуі туралы деректер жиналған мұрағат... XVIII-XX

ғасырлардағы этнографтар түрлі замандардың қатпарларынан келе жатқан, адамзат баласы дамуының түрлі кезеңдерінен бастау алатын материалдарды жинады» (Рыбаков, 1987:782). Шындығында да, халықтың тарихи санасында, тіршілік-тұрмыстық жадында өте көнеден келе жатқан ғұрыптар сақталады екен. Мысалға, сонау 1970 жылдардың ортасында жинаған материалдардың арасында мынадай бір этнографиялық сюжет еске түседі. Ескі адамдар алынған шаш-тырнағын бейсауыт тастамай, бір дорбаға жинайтын болған. Кейбір жөн білетін қазақтар алынған шаш, тырнақтарын қораның жоғары жақтағы қуысына, бір биіктеу таза жерге, шөпке орап тығатын. Бұл – жалпы дүниежүзінің біраз халықтарына тән әдет, ғұрып. Ол ғылымда әртүрлі түсіндіріледі (Толеубаев, 1991:76, 77, 95, 96). Сол кезде ерекше ой салғаны бірнеше көнекөз, кәрікұлақ қариялардан жазып алған бәрі бір тақылеттес әңгімелер еді. Олардың мазмұны мынаған саяды: О дүниеге барғанда адамның жақсылығы мен жамандығы таразыға түседі. Таразының бір басына адамның өзі бүкіл тірлігінде істеген жақсы ісімен бірге түседі де, ал екінші басына жамандықтары түседі. Таразының басын жамандық жағы басып кеткен жағдайда адамның тірлікте алған шаш, тырнағын да таразының жақсылық жағындағы табакқа салады-мыс. Басқа түсіндірулерден гөрі осы түсінік дұрысырақ және көнерек көрінетін. 1980 жылдары бұдан 2400 жыл бұрын жерленген Алтайдағы Пазырық обасында сақ адамының жанында бір дорбаға толтырылып, құнттап салынған шаш пен тырнақ табылғанын археологиялық дереккөзден анықтағанымызда әлгі ақсақалдар айтқан ғұрыптық аңыз-әфсананың сонау сақ бабаларымыздан келе жатқаны таң қалдырды. Бергі этнографиялық замандағы қазақтар тек баланың туғандағы қарын шашы мен тырнағын шүберекке орап, сандықтың түбіне тығатын болған. Қалай болғанда да Бір Тәңірлік діннің қағидасы бойынша обал-сауабымыз, жақсылық-жамандығымыз үшін Бір Жаратушының алдында жауап беретіндігіміз жөніндегі түсінік өте әріден келеді. Көнеден келе жатқан осы оң дүниетаным ислам дінінің өмір-өлім, бір Алланың алдындағы ертеңгі жауабымыз жөніндегі қағидаларына қарсы келмеген сияқты.

Қазақтың дәстүрлі дүниетанымы, діни әдет-ғұрыптары, салт-саналарының көпшілігі болмаса да біразының тамыры сонау қола, ерте темір, орта ғасырлар дәуіріне кететіндігі сөзсіз. Осы тұрғыда келгенде, біз қарастыратын халықтық

діни ырым-жоралар, салттар, мифологиялық аңыз-әңгімелердің сюжеті көптеген түрік тектес халықтарға, кейбірі алтай тілдес жұрттарға, ал енді бір парасы үндіуропалық тіл семьясында сөйлейтін халықтарға да тән болуы мүмкін, ол – заңдылық. Бұл – біздердің көне, ортағасырлардағы мәденигенездік, этногенездік дамуымыз бен қалыптасуымызға байланысты түсіндірілетін фактілер.

Қазан төңкерісінен бұрынғы кезеңде қазақтың дәстүрлі наным-сенімдері және соларға байланысты әдет-ғұрыптары Ш. Уәлихановтың, Ә. Диваевтың, Ы. Алтынсариннің, И.А. Кастаньенің, Н.Ф. Катановтың, Ф. Поярковтың, М. Миропиевтің, И.А. Чеканинскийдің, А.Е. Алекторовтың және т.б. авторлардың еңбектерінде жарияланды (Уәлиханов, 1985).

Кеңес заманында қазақтың дәстүрлі наным-сенімдерін, негізінен, зерттеп бастаған философтор болатын. Осындай еңбектің алғашқысы 1969 жылы қорғалған К. Мұқановтың «Қазақтағы шаманизм: оның эволюциясы мен қалдықтары» атты диссертациялық еңбегі және мақалалары еді (Муканов, 1961:№1). Өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғында осы тақырыпта А. Искаков деген зерттеушінің кітабы жарық көрді (Искаков, 1968). Қазақтың исламмен астасып кеткен діни сенімдері жөнінде философ Қ.Ш. Шүлембаев диссертация қорғады және бірнеше еңбек жариялады (Шүлембаев, 1968). Осы мәселе шеңберінде келесі бір диссертациялық еңбек жазған адам – философ-мәдениеттанушы С.Н. Ақатаев еді. Ол бұл тақырыпты өзінің өмірлік өзекті проблемасы етіп, кейіннен бірнеше кітап шығарды (Ақатаев, 1990). Бұдан соң осы тақырып маңайында, бірақ атеистік бағдармен еңбек жазған зерттеуші Ш.Б. Амантурлин болды (Амантурлин, 1977). Қазақтың мұсылман дінінен бұрынғы және ислам дінімен араласып кеткен діни наным-сенімдерін алғаш таза этнографиялық тұрғыда зерттеген адам – Ә.Т. Төлеубаев. Автор осы тақырыпта бір ғылыми-зерттеу кітап, біраз мақала жарияланған еді (Толеубаев, 1991: 214). Этнограф-зерттеуші Р. Мустафинаның еңбектерінде тұрмыстық ислам қарастырылады. Автор өзінің бір еңбегінде мұсылман дінінің тұрмыстағы ғұрыптары және солармен астасып кеткен көне діни сенім-жораларды зерттеген (Мустафина, 1992: 171).

Қазақ бақсылығы Орта Азия халықтарындағы бақсылықты арнайы зерттеген белгілі орыс ғалымы В.Н. Басиловтың еңбектерінде де қарастырылған (Басилов, 1984: 207).

Белгілі фольклорист, тілші-әдебиетші, философ-ғалымдар Е. Тұрсынов, С. Қасқабасов, Б. Абылқасымов, Ә. Ахметов, М. Орынбеков, А. Галиевтердің зерттеу еңбектерінде қазақтың дәстүрлі мәдениетін арнайы қарастыру барысында қазақтың мифологиялық дүниетанымы, емдеу магиясына негізделген практикасы, наным-сенімдері де зерттеу нысаны болған (Турсунов, 1973: 216).

Бергі заманда қазақ, арғықазақ мифологиясы жөнінде жарық көрген С. Қондыбайдың еңбектері біздің фольклор мен этнографияның дүниетанымдық мәселелерін біршама байытқан сияқты. Еңбеккер, талантты, осы зерттеушінің еңбектерінде қияли дүниелер, дереккөзі дәлелсіздеу мәселелер де баршылық, оның үстіне, бұл ғалымның фольклордан, этнографиядан фундаменталды тәрбие алған жақсы мектебі болмағанға ұқсайды. Десе де, тағдырының қиындау талайына қарамай, дүниеден ерте озса да артына бір академиктің ғылыми мұрасын қалдырып кеткен осы ініміздің еңбектері ұлтының кәдесіне жарайтындығына үміттіміз (Қондыбай, 2004).

Халықтық салт-дәстүрдің жанашыр жинаушылары, зерттеушілері Б. Қанарбаева, А. Қайырбайұлы, Б. Бопайұлы деген авторлар қазақ ырымдары, сенімдерін қалың жұртшылыққа

арналған кітап ретінде жариялады (Қанарбаева, 1999:120).

Қорытынды

Табиғат пен қоршаған орта адамзат баласының өмір сүру эволюциясының барлық кезеңдерінде де маңызды рөл атқарған. Адам мен табиғаттың арасындағы байланыс халықтар тарихының ерте кезеңінде тіптен де күрделірек болғанға ұқсайды. Ол дәуірлерде адам табиғаттың ажырамас бір бөлшегі болып, табиғатқа көп жағынан бағынышты, тәуелді болған.

Өмірінің көпшілігін табиғат аясында өткізетін, табиғатпен етене байланысып кеткен қазақ халқының мәдениетінде табиғатқа байланысты түсініктер, ырым-жоралғылар, көне пәлсапалық пайымдар, соларға негізделген ғұрып-әдеттер өте көп. Олар, бір жағынан, табиғаттың дүлей, тосын күштерінен қорқудан, сескенуден туындаған болса, екінші жағынан, соларға ырымдар, ғұрып-жоралғылар, тәу ету, сыйыну арқылы әсер ету мақсаттарынан, тілектерінен туындаған. Сондықтан, Қазақтың тарихи жүріп өткен жолында қалыптасқан салт-дәстүріндегі, таным-түсінігіндегі көне сенімдер бүгінгі ұлт руханиятының өзегі болып табылады.

Әдебиеттер

- Рыбаков Б.А. (1987). Язычество Древней Руси. Москва: Наука.
 Төлеубаев А.Т. (1991). Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов. Алматы: «Ғылым».
 Уәлиханов Ш. (1985). Тәңірі (Құдай). Таңдамалы. Алматы: «Жазушы».
 Муканов К. (1969). Анимизм – шаманизмге дейінгі бір діни форма. Изв.АН КазССР. № 1.
 Искаков М. (1968). Соқыр сенім және діни ғұрыптар. Алматы.
 Шүлембаев Қ.Ш. (1968). Ертедегі діни сенімдердің қалдықтары және олармен күресу жолдары. Алматы.
 Ақатаев С.Н. (1990). Күн мен көлеңке. Алматы.
 Амантурлин Ш. (1977). Пережитки анимизма, шаманства, ислама и атеистическая работа. Алматы.
 Төлеубаев А.Т. (1991). Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов. Алма-Ата: Ғылым.
 Мустафина Р.М. (1992). Представления, культы и обряды казахов. Алматы.
 Басилов В.Н. (1984) Избранники духов. Москва.
 Басилов В.Н. (1992). Шаманство народов Средней Азии и Казахстана. Москва: «Наука».
 Турсунов Е.Д. (1973). Генезис казахской бытовой сказки. Алма-Ата: Наука.
 Қондыбай С. (2004). Арғықазақ мифологиясы. 1-4 кітаптар. Алматы: Дайк-Пресс.
 Қанарбаева Б. (1999). Қазақтың наным-сенімдері. Алматы: «Қағанат».

References

- Rybakov B.A. (1987). Yazychestvo Drevney Rusy. [Paganism of Ancient Russia]. Moskva: Nauka.
 Toleubaev A.T. (1991). Relykty doyslamskih verovanyj v semeynoy obryadnosti kazahov. [Pre-Islamic relics of the kazakhs family]. Almaty: «Gilyim».
 Ualyhanov Sh. (1985). Tangiri (Huday) [Tengri (God)]. Tangdamali [choosen]. Almaty: «Zhazushi».
 Mukanov K. (1969). Anymyzm – shamanizmge deyingi bir diny forma. [Animism is a religious before shamanism]. Izv.AN KazSSR. № 1.
 Iskakov M. (1968). Sohyr senim zhane diny guryptar. [Superstitions and Religious Rituals]. Almaty.

- Shulembaev H.Sh. (1968). Ertedegi diny senimderding haldihtari zhane olarmen kuresu zholdari. [The remains of ancient religious beliefs and ways to deal with them]. Almaty.
- Ahataev S.N. (1990). Kun men kolengke. [Sun and shade]. Almaty.
- Amanturlyn Sh. (1977). Perezhitky anymyzma, shamanstva, islama I ateitycheskaya rabota. [Remnants of animism, shamanism, Islam and atheistic work]. Almaty.
- Toleubaev A.T. (1991). Relikty doislamskyh verovaniy v semeynoy obryadnosti kazahov. [Pre-Islamic relics of the kazakhs family]. Alma-Ata: Gilim.
- Mustafina R.M. (1992). Predstavlenya, kulty i obryady kazahov. [Representations, cults and rites of Kazakhs]. Almaty.
- Basilov V.N. (1984) Izbranniki duhov. [Chosen of spirits]. Moskva.
- Basilov V.N. Shamanstvo narodov Srednei Azii I Kazakstana. [Shamanism of the peoples of Central Asia and Kazakhstan]. Moskva: Nauka.
- Tursunov E.D. (1973). Genezis kazahskoy bytovoy skazky. [Genesis of the Kazakh folktale]. Alma-Ata: Nauka.
- Hondibay S. (2004). Argihazah mifologiyasi. [mythology of ancient kazakh] 1-4 kitaptar. Almaty: Daik-Press.
- Hanarbaeva B. (1999). Hazahting nanim-senimderi. [the religious beliefs of kazakh]. Almaty: «Haganat».